

Alstom Қанат Алпысбаевты Батыс және Орта Азия кластерінің Басқарушы директоры етіп тағайындады

2021 жылғы 1 қазан – Alstom Қанат Алпысбаевты көлік саласын жаңғырту мен индустрияландыруға байланысты өңірдің ауқымды мақсаттарын іске асыруды қамтамасыз ету үшін компаниясының Батыс және Орта Азия кластерінің Басқарушы директоры лауазымына тағайындады. Қанат Alstom-ға Қазақстан Республикасының ұлттық пошта қызметі «Қазпошта» АҚ-дан ауысты, онда ол басқарма төрағасы қызметін атқарды.

Қанат Алпысбаевтың көлік саласындағы басқарушылық лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі 20 жылдан асады. Ол «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-да логистика және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі басқарушы директор қызметін атқарды. Бұған дейін ол ұлттық теміржол операторы «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның президенті және басқарма төрағасы лауазымдарында жұмыс істеп, «Эйр Астана» және General Electric компанияларында басқа да басшылық қызметтерді атқарды. Қанат Лос-Анджелестегі Калифорния университеті мен Сингапур Ұлттық университетіндегі іскерлік әкімшілендірудің магистр дәрежесін қоса алғанда, бизнес пен инженерия саласында бірнеше магистр және бакалавр дәрежесін алды.

«Қанатты Alstom компаниясынан көргеніме қуаныштымын. Ол қызметіміз бен төңіректетуді жаңа деңгейге шығаруға көмектесетін бай тәжірибе мен жергілікті ерекшеліктердің бірегей түсінігін алып қосады. Батыс және Орта Азия Alstom компаниясы үшін өте маңызды нарық болып табылады, өйткені, бұл өңір көлік инфрақұрылымын дамытуға деген ұмтылысты көрсетіп отыр. Біз өңірде қуатты өндірістік және сервистік әлеует құрдық әрі жаңа өнеркәсіптік бастамаларды іске асыру, жұмыс орындарын құру және өзара пайданы қамтамасыз ету үшін инновацияларды енгізу мүмкіндігін асыға күтеміз», – деп хабарлады Африка, Таяу Шығыс және Орта Азия өңірінің президенті Эндрю ДеЛеоне.

«Мен Alstom-ға қосылғанымды әрі компанияның Батыс және Орта Азиядағы қызметіне басшылық ететінімді мақтан тұтамын. Alstom – осы саладағы көшбасшы және компанияның дарынды қызметкерлері бүкіл әлем бойынша клиенттерге пайда әкелетін мобильділік саласында жоғары технологиялық шешімдерді әзірлейді. Мен әріптестік қарым-қатынастарымыздың кеңеюін және өңірде теміржол саласын жандандыруға жәрдемдесу үшін жергілікті әлеуеттің ұлғаюын асыға күтемін», – деп атап көрсетті Alstom компаниясының Батыс және Орта Азия кластерінің басқарушы директоры Қанат Алпысбаев.

Alstom компаниясы Батыс және Орта Азияда 1000-нан астам адам қызметкерлер штатымен, үш елдік кеңсемен (Қазақстанда, Әзірбайжан мен Өзбекстанда), бес депомен, сервистік орталықпен және екі зауытпен – электровоздарды өндіретін әрі оларға қызмет көрсету, сонымен қатар тартқыш трансформаторларды өндіруді жүзеге асыратын Нұр-Сұлтан қаласындағы «ЭҚЗ» және бағыттамалық жетектерді өндіретін Алматы қаласындағы

Қазэлектрпривод зауыттарымен ұсынылған. Alstom елдегі мобильділік секторын қалпына келтіруге және экономиканы дамытуға үлкен үлес қосып келеді.

**Alstom
компаниясы
туралы**

Көмірқышқыл газ шығарындыларының төмен деңгейін қамтамасыз етуге ұмтылатын Alstom компаниясы болашақ көліктік тасымалдар үшін тұрақты негізді қалыптастыратын ұтқыр шешімдерді қабылдайды және жүзеге асырады. Alstom өнімдерінің портфеліне жоғары жылдамдықты пойыздар, метро, монорельстік көлік, трамвайлар, сондай-ақ интеграцияланған жүйелер, мамандандырылған қызметтер, инфрақұрылым, орталықтандыру жүйелері және цифрлық мобильді шешімдер кіреді. Бүкіл әлемде Alstom өндірген 150 000 көлік құралы коммерциялық тұрғыда пайдаланылады. 2021 жылғы 29 қаңтарда Bombardier Transportation сатып алғаннан бастап Топтың жиынтық пайдасы 2021 жылғы 31 наурызда аяқталатын 12 ай ішінде 14 млрд евроны құрайды. Бас кеңсесі Францияда орналасқан Alstom компаниясының 70 елде өкілдері бар, ал штатында 70 000 қызметкер бар, www.alstom.com.

Байланыс

БАҚ үшін:

Зәуре ШУБАЕВА - Tel.: +7 701 889 3345
zaure.shubayeva@alstomgroup.com